| Республикалық қоғамдық-саяси газет | www.aikyn.kz | Газет 2004 жылдың 6 наурызынан шыға бастады |

Айтжан САЛЫҚҰЛЫ (фото)

Дүйсен ҚАСЕЙІНОВ, ТҮРКСОЙ Халықаралық ұйымының Бас хатшысы:

Әлемдік мәдени үрдістерден түркілер де лайықты орын алуы тиіс

Сұхбат

Биыл татардың ұлы ақыны – Ғабдолла Тоқайдың 125 жылдығы. Ол кісі біздің Орал қаласында 12 жыл тұрды ғой. Сондықтан мұндай шараларды Орал қаласында да өткізбекпіз. Сондай-ақ Қасым Аманжоловтың Қазақстанда өтетін 100 жылдығына атсалысамыз және Түркияда да мерейтойын өткіземіз. Осылайша түркі халықтарының мәдениетіне, ғылымына, әдебиетіне айрықша үлес қосқан осындай ірі тұлғаларды ұлықтау арқылы түркі мәдениетінің тұтастығын насихаттауға күш салып отырмыз.

ҚОРҚЫТ АТА – ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ОРТАҚ БАБАСЫ

– Қазір түркі елдерінің өнері мен мәдениетінде қайта жаңғыру үдерісі жүріп жатыр. Ғалымдар «әлемдік өркениеттің дамуына түркілердің қосқан үлесі әлі толық зерттелген жоқ» дегенді айтуда.

– Бұл бағытта болашақта жасалуға тиісті жұмыстардың көлемі өте ауқымды. Біздің мәдени мұраларымыз әлемдік деңгейде насихатталуы керек. Өзге жұрттар біздің ұлттық кейіпкерлеріміз түгілі, Қорқыт Ата секілді түркі мәдениетіне ортақ тұлғаны да аса біле қоймайды. Бірақ бұл – олардың кінәсі емес, танытпаған, насихаттай алмаған біздің кінәміз. Американдағы Наурыз мерекесінде жиналған қауымның алдында мен сөз сөйлеп, сөзімді түркі халықтарының ортақ бабасы Қорқыт атаның батасымен аяқтадым. Бұл – Қорқыттың кім екенін олар да білсін деген мақсат.

«Қорқыт Ата» – «Манас», «Хан Мерген», «Алпамыс», «Көроғлы», «Мамай» секілді белгілі эпостар – түркі халықтарының алтын қазынасына кіретін ортақ мұрасы. Біз өткен жылы Кипрде «Қорқыт Ата және түркілердің эпикалық дәстүрі» деген халықаралық симпозиум өткіздік. ТҮРКСОЙ-дың көмегімен Берік Барысбеков «Қорқыт» атты деректі фильм түсірді. Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, сондай-ақ Ватиканда сақтаулы жатқан Қорқыт ата жайындағы материалдар жұрттың ерекше қызығушылығын туғызды. Осы халықтық мұраларды әлем халқына кеңінен таныстыру үшін енді опера, театр, кино туындыларына айналдыруымыз қажет. Өкінішке қарай, ортақ төл мұрамызға қарағанда, біздер Батыс авторларының шығармаларын жетік білеміз. Осы орайда, Әзірбайжанның белгілі композиторы Узеир Ғаджибековтің «Көроғлы» операсын түркітілдес алты мемлекеттің бірлесуімен сахналап шықтық. Алматыда да қойғанымызды білесіздер. Бұл бағытта біз бірнеше түркі халықтарының, әсіресе, аз санды түркі ұлттарының белгілі ұлттық эпостарын, ақын-жазушылардың еңбектерін түрік тіліне аударып бастырудамыз.

ТҰЛҒАЛАР – ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТҰТАСТЫҒЫ

– Түркі халықтарының ортақ тұлғаларына қатысты жобаларыңыз жоқ па?

– Махмұт Қашқари, Абай, Мұхтар Әуезов, Шыңғыс Айтматов, Бахтияр Вахабзаде, Расул Рыза, Фуат Мансұров және Осман Хамди сияқты түркі әлемінің ірі тұлғаларының мерейтойларын өткіздік. Өткен жылы Мұстафа Шоқайдың түпнұсқа қолжазбаларын Түркиядан тауып, Қазақстанның мемлекеттік архивіне әкеліп тапсырдық. Жақында ғана Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясымен бірлесіп, Жамбылдың туғанына 165 жыл толуына орай халықаралық конференция өткіздік. ТҮРКСОЙ тарихында тұңғыш рет 2010 жылды «Ахмет Зәки Уалиди Тоған жылы» деп жариялады. Ал биыл татардың ұлы ақыны – Ғабдолла Тоқайдың 125 жылдығы. Ол кісі біздің Орал қаласында 12 жыл тұрды ғой. Сондықтан мұндай шараларды Орал қаласында да өткізбекпіз. Сондай-ақ Қасым Аманжоловтың Қазақстанда өтетін 100 жылдығына атсалысамыз және Түркияда да мерейтойын өткіземіз. Осылайша түркі халықтарының мәдениетіне, ғылымына, әдебиетіне айрықша үлес қосқан осындай ірі тұлғаларды ұлықтау арқылы түркі мәдениетінің тұтастығын насихаттауға күш салып отырмыз.

Өкініштісі, түркі халықтары бір-бірін оқи алмайды. Осыған орай, біз әр елден бес ақынды жинап, үш айлық тіл үйрету курсын аштық. Олар Анкарада Гази университетінде түрік тілін үйренді. Қазақстаннан ақын Маржан Ершу қатысты. Түркі халықтарының мәдениеті жайында жетік жазатын журналистердің турын ұйымдастырып отырамыз. Мұның бәрі түркі халықтары арасындағы мәдени қатынастарды дамыту, түркілердің ортақ мұрасын насихаттау және туысқан елдер өнерпаздарының кәсіби шеберлігін арттыру үшін қолға алынып отыр. Қазір біз бір-бірімізді аз білеміз. Бұрынғыдай әзірбайжан, қазақ, түрікмен, өзбек тілдері арасында тікелей аудару деген сияқты байланыстар үзіліп қалды. Соны қайтадан қалпына келтіру керек. Түркі мемлекеттерінің жазба ақындарын да жинап отырамыз. Айтыскерлердің де басын қостық. Айтыскерлер, ашуғтар халықтың ішінен шыққан адамдар ғой, олардың бірін-бірі түсінетініне ешқандай күмәнім жоқ. Тіпті оның аудармасын, синхронын жасап, тілдерді салыстыруға болады. Оның тілдерімізді байытуға да септігі тиеді деп ойлаймын. Жұмыс бастан асады. Ұсыныстар аса көп.

Қазақтың қобызы – скрипканың атасы. Бір кезде «Біз өркениетке бір қолымызға скрипка ұстап, бір қолымызға домбыра ұстап кіреміз» дегенім бар еді. Өткенімізді қастерлей отырып, бүгінімізді де ұмытпауымыз қажет. ТҮРКСОЙ-дың барлық шараларында дәстүрлі музыкаға ерекше көңіл бөлінеді. Алдағы жылы түркі халықтарының музыкалық аспаптарын суреттерімен үлкен кітап қылып шығарғалы отырмыз. Сонымен қатар заманауи музыкаға да қолдау көрсетудеміз. Өткен жылы түркі республикаларының музыкалық оқу орындарында білім алатын талантты студент жастардан құралған ТҮРКСОЙ камералық оркестрін құрып, бұл оркестр Еуропаның бірнеше қаласында концерт берді. Ең бастысы, олардың репертуарында Еуропа классиктері шығармаларымен қатар, қазақ, татар, түрік, әзірбайжан, башқұрт сазгерлерінің шығармалары да орындалып, көрі құрлық тыңдармандына төл өнерімізді таныттық. Кейін осы оркестр Анкарада Фуат Мансұровты еске алу кешін өткізді. Жақында Түркияда оқитын түркітілдес талантты оқушылардан шекті аспаптар квартеті құрылып, олар да Еуропада өнер саварында болып қайтты.

ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының құрылу мақсатының өзі де түркі халықтарының мәдениетін дамыту болғандықтан, руханиятымыздың ең маңызды мұраларын, оның дәстүрлері мен құрыптарын әлемнің әр түкпірінде кеңінен насихаттай беруіміз керек. Менің ойымша, біздің ендігі жұмыстарымыз түркі мәдениетін әлемге танытуға бағытталуы тиіс. Түркі халықтарының дәстүрлі музыкасын зерттеуді ТҮРКСОЙ әрқылы қайта жаңғыртып отырмыз. Теория мен тәжірибені тоқайластырып, фестиваль, концерт, конференция және шеберлік дәрістері мен семинарлар ұйымдастыратын болсақ, одан көп нәрсе алуға болады. Өйткені конференциядан соң арнайы кітаптар шығарылып, фестиваль мен концерттер аудио және бейне таспаларға жазылып, өзге елдерге таралады.

– Иісі түркінің ортақ мейрамы Наурыз мерекесін алдағы уақытта Араб елдерінде де өткізсек деген идеяңыз бар екен. Осы жайын өз аузыңыздан естісек.

– Наурыз – ел мен елді, халық пен халықты жақындастыру үшін таптырмайтын мереке. Наурыз мерекесін алдағы уақытта Араб елдерінде де өткізсек деген идея жай сөз емес. ЮНЕСКО секілді араб елдерінің де ИСЕСКО деген халықаралық ұйымы бар. Мәселен, ТҮРКСОЙ-ды «түркі елдерінің ЮНЕСКО-сы» дейді ғой. Бұл да сол секілді. Жақында ғана Бакуде өткен Халықаралық Мәдениеттер арасы диалог форумында ИСЕСКО-ның бас директорымен бірлесіп жұмыс істеу туралы хаттамаға қол қойдық. Сонда Наурыз мейрамын бірге тойлау жөнінде де келістік. Арабтарда бұл мереке атымен жоқ болса да, олар мұны қолдап отыр. Оман, Катар, Араб Әмірліктері секілді ашық мемлекеттерде мерекелік шараларды әбден өткізуге болады.

Қазір бірқатар араб елдері театр өнерін дамытуға мән бере бастады. Жалпы, Шығыс елдері бойынша ең алғашқы опера театры Әзірбайжан астанасы Бакуде ашылған екен. Түркітілдес халықтар ішінде Баку театрынан кейінгі ең үлкен театр – біздің Абай атындағы Опера және балет театры. Бұл жағынан біз арабтарға қарағанда, мүлдем алға кеттік. Бүгінде Оман мемлекеті өздерінің алғашқы опера театрын салып жатыр. Осыған байланысты конференция өткіздік. Жаңа жылдың келуін, табиғаттың оянуын, жаңаруын бейнелейтін Наурыз мейрамының маңызын американдықтар жете түсінгендей болды. Жоғарыдағыдай концерттерді БҰҰ Бас Ассамблеясының ғимаратында, Нью-Йорктегі «Таун Холлда» да өткіздік. Наурызға байланысты мұндай ірі шара Біріккен Ұлттар Ұйымының пәтерінде тұңғыш рет өткізілді.

Менің ойымша, Наурызды насихаттау арқылы өз дәстүрлі әнімізді, ұлттық биімізді салт-дәстүрімізді таныту қажет.

Наурыз – тек қана Иран халқының мейрамы ғана емес, Сібірден Босфорға дейін жайлаған түркі халықтарының да ұлттық мейрамы.

Осы Наурыздың арқасында өз дәстүрлі әнімізді, ұлттық биімізді, салт-дәстүрімізді танытуымыз қажет. Ұлыстың ұлы күнін шын мәніндегі Жаңа жылға айналдыру жайында аз жазылып, аз айтылып жатпағаны анық. Алайда кез келген халықтық мерекені биліктің нұсқауымен не бұйрығымен бір күнде қалыптастыра қоюы мүмкін емес. Елбасы Наурызды болашақта елімізде ғана емес, жалпы, әлемде ресми Жаңа жыл болу керек деген-ді, біз негізі соған аяндап келе жатырмыз.

– Естуімше, Америкаға дейін әуелі Түркияда Наурыз мерекесіне қатысты шаралар өткізіпсіздер...

– Иә, түркі республикаларынан келген өнерпаздар әуелі Түркияға жиналып, Ыстамбұл, Анкара, Самсун қалаларында өнер көрсетті. Сол жақтан Америкаға аттанды. Бір қызығы, Түркияда Наурыз мерекесі мемлекеттік дәрежеде тойланбайды. Ресми демалыс та берілмейді. Мен Түркияға бармай тұрып мұны білмеппін. Жалпы, 1995 жылдан бері Түркияның басты қалаларында ТҮРКСОЙ-дың ұйымдастыруымен түркі халықтарының өнерпаздары бас қосып Наурызды мерекелеу дәстүрге айналғанмен, кең өріс ала қойған жоқ. Түріктердің бұл мерекені тойламай келуінің саяси астары бар. Себебі күрдтер бұл мейрамды ежелден өз мерекесі ретінде тойлап келген. Ал күрдтер мен түріктердің арасын білесіз. Қазір Түркияның жекелеген қалаларынан «Наурызды бірге өткізейік» деп хат жазып жатқандар жиіледі.

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖӘНЕ ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕР

– Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев Ыстамбұлда өткен түркітілдес мемлекет басшыларының X саммитінде түркі республикаларының тәуелсіздіктерін жариялағанына 20 жыл толуы мерекелері аясында ұйымдастырылатын мәдени шараларды бірлесіп өткізу туралы ұсыныс жасаған болатын. Осы тұрғыдан қандай іс-шаралар ұйымдастырылады?

– Соңғы кезеңдердегі түркітілдес республикалары арасындағы ынтымақтастықтың қарқын алуына Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың интеграциялық бастамалары себеп болғанын, қазір кез келген саясаткша мойындайды. Ыстамбұл саммитінде Қазақстан Президентінің түркі республикалары тәуелсіздіктерінің 20 жылдығына байланысты ортақ шаралар өткізу туралы ұсынысын жиынға қатысқан барлық мемлекет басшылары қолдаған болатын. Қазақстанда, Түркияда тәуелсіздіктің 20 жылдығына арналған іс-шаралар өтіп жатыр. Түрікменстан президенті Гурбангулы Бердімұхамедов те сол жиында ТҮРКСОЙ ұйымымен бірігіп, «Түркі халықтарының мәдени мұрасы» атты фестиваль өткізуді ұсынған. Аталған фестиваль сәуір айының 28-30-ы аралығында Ашхабадта өткізілді. Түркітілдес елдердің өнер ұжымдары мен ғалымдары қатысқан фестиваль аса жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Бұл – біздің ұйымның болашақта түрікмен елімен бірлесіп, іс-шаралар жасауымызға жол ашты десе болады. Халықаралық ұйым ретінде ТҮРКСОЙ мәдени ынтымақтастыққа негізделген кез келген жобаны қолдауға дайын.

– Түркітілдес мемлекет басшыларының Нахчыван саммитінде бұрынғы ұсынысымен өткен жолы Астанада ашылған Түркі академиясы бізге өз жұмысын бастады. Жақында ол алғашқы түркологиялық конференциясын өткізгелі жатыр. ТҮРКСОЙ мен Түркі академиясы бірлескен жобалар жасауға дайын ба?

– Соңғы жылдары мемлекет басшыларының қолдауымен, түркі халықтары арасындағы саяси-экономикалық, мәдени интеграцияны дамыту мақсатында, Түркі кеңесі, ТүркПА, Түркі академиясы секілді бірнеше халықаралық ұйым құрылды. ТҮРКСОЙ осы ұйымдардың барлығымен тығыз қарымқатынаста. Әсіресе, Түркі академиясының құрылуы біздің ұйымымыз үшін үлкен қолдау болды деп есептеймін. Себебі кез келген мәдени іс-шараның ғылыми негізі болуы керек. Гуманитарлық ғылым салалары бойынша бүкіл түркі мемлекеттерінде жасалған ғылыми еңбектер бір орталықта жүйеленуі, үйлестірілуі тиіс. Еуразия кеңістігіндегі соңғы екі ғасырда жасалған түркологиялық ғылыми ізденістердің өзі ұшан-теңіз мәдени мұра. Осы саладағы жұмыстарды жүйелеу мақсатында ТҮРКСОЙ мен ТМД-ның Гуманитарлық ынтымақтастық халықаралық қоры бірігіп, «Еуразия түркітанушыларының биобиблиографиялық сөздігі» жобасын бастадық. Түрік және орыс тілдерінде басылып, бірнеше томнан тұратын энциклопедиялық еңбектің жақында ғана бірінші томы жарық көрді. Тұсаукесерін Мәскеуде өткізуді жоспарлап отырмыз.

Түркі академиясының жұмысына сәттілік тілей отырып, бірлесіп атқаруға болатын көптен көңілімде жүрген бір ұсынысты да айта кеткім келеді. Түркілердің тұтастығын көрсететін бір сала болса, ол – дәстүрлі музыка. Сондықтан Түркі академиясына түркі халықтарының этномузыкатанушылары мен дәстүрлі орындаушыларының басын қосатын «Түркі халықтарының дәстүрлі музыкасы» атты ірі ғылыми-тәжірибелік симпозиумды бірігіп ұйымдастыруды ұсынамын.

– Бүгінгі таңда Қазақстанда ТҮРКСОЙ-дың қызметі жанданды деп айтуға бола ма?

– Болады. Неге дейсің ғой? Қазақстан ТҮРКСОЙ ұйымының белсенді қатысушыларының бірі. Түркітілдес халықтар арасында рухани қарым-қатынасты жаңғырту мақсатында, халықаралық ұйымды Алматыда 1993 жылы шілденің 12-сінде Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан мен Түркия республикалары құрған болатын. Құрылғанынан бастап Қазақстан ТҮРКСОЙ-дың барлық шараларына белсенді түрде қатысты. 2008 жылы ТҮРКСОЙ-дың төрағалығы Қазақстанның қолына көшті. Осы уақыттан бастап қазақ елі мен ТҮРКСОЙ ұйымы арасындағы ынтымақтастық есеп артты десе болады. Биылғы жылдың басында халықаралық ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында Қазақстан Үкіметі 500 мың доллар көлемінде көмек көрсетті. Бұл – біздің ұйымға көрсетілген ерекше қолдау деп білеміз.

АСТАНА – ТҮРКІ МӘДЕНИЕТІНІҢ БАС ҚАЛАСЫ

– ТҮРКСОЙ аясында 2012 жылы Астана қаласы түркі мәдениетінің бас қаласы болады деп жарияланды...

– Халықаралық ұйымдар тарапынан әр жылы белгілі бір ірі қаланы аймақтық мәдениеттің астанасы деп жариялау – халықаралық қатынастар үрдісінде қалыптасқан дәстүр. Алайда ТҮРКСОЙ ұйымының аясында мұндай жағдай тұңғыш рет болғалы тұр. Бұл – ТҮРКСОЙ ұсынысын Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың тікелей қолдауының арқасында жүзеге асқан, Елбасымыздың ұзақ мерзімді стратегиялық мақсатты көздеген кезекті ұтымды қадамы. Себебі Астана – жас та болса ең ежелгі мәдениеттердің тарихи мекені есептелетін қазақ елінің бас қаласы ретінде түркілер руханиятының орталығы болуға әбден лайық қала.

– Сіз көрнекті музыкант қана емес, тумысынан дипломат, гуманист, басқару тәжірибесі мейлінше мол, қажырлы қайраткер, бүкіл саналы ғұмырын Мәдениет атты үлкен Әлемге арнаған азаматсыз. Жалғыз достарыңыз емес, сізді жақсы білетін жалпы жұртшылықтың да пікірі осыған саяды. Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының ректорлығынан бастап, Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің төрағасы, ҚР Мәдениет вице-министрі, ҚР Мәдениет министрі, ҚР СІМ-нің төтенше тапсырмалар жөніндегі елшісі қызметінде болдыңыз, енді міне, ТҮРКСОЙ-дың Бас хатшысысыз. Жалпы, шығармашылық пен қайраткерлік жұмыстың қайсысы жаныңызға жақын?

– Кейбір кездерде қайраткерліктің шығармашылықта пайдасы болады. Жоғарыда аталған жобалардың бәрі шығармашылық жобалар. Мен оны қайраткер ретінде түсінбесем, терең талдау жасап, бүгін мынау, ертең мынау керек деп, жоспарлап отырмасам, ештеңеге үлгере алмас едім. Оны шығармашылық тәжірибеме сүйенін қана жасай алам. Мәселен, музыкант ретінде дүниежүзінің көптеген шеберлерімен таныстым. Бірге жүрдім, сахнада бірге өнердім. Олар кейін өз мемлекеттерінде өнерлі адамдар. Ресейдің атақты театртанушысы, Президент Медведевтің арнаулы оқуы Михаил Швыдкой, қазіргі заманның ең шебер скрипкашысы Владимир Спиваковтен ең атақты дирижерлердің бірі Валерий Гергиев, әлемдік деңгейдегі танымал өнер қайраткері Нонна Бүйюклянц – бұлардың бәрі менімен бірлесіп, әрі өнерлі, әрі кәсіпкер, әрі ұйымдастырушы бесаспап тұлғалар. Олардың басын қосып бірдеңе жасау маған ең қызықтық тудырмайды. Сонымен бірге шығармашылық жұмыс кейде қайраткерлікке де көмектеседі. Неге десеңіз, бізде көп адамдар бар, сенім білдіріп үлкен қызметтерге тағайындалған. Ертең бұл жұмыстан кеткенде ешкім олардың қай жерде жүргенін сұрамайды, танымайды да. Бастық кезінде сыйлайтын, жағымпазданатын шығар. Менің де үлкен жұмыстан кеткен күндерім болды. Шығармашылықпен айналысам, қоғамдық жұмыспен айналысам деп, кезінде вице-министрліктен де кеткем. Бірақ мен бәрібір сонда істеген жұмысымды басқаша, Үкіметтің атынан емес, қоғамның, музыканттардың атынан жасап жүрдім. Сен қайдасың, неге Мәжілісте болмадың, іссапарда неге болмадың деп ешкім айтпайды. Ешкім жиналыстарға қатыс деп іздемейді. Сондықтан тиісті шығармашылық жұмыска бөлетін уақытым көбірек болды және осы кезеңдерде түрлі шараларды көбірек жасадым.

– Қайбір жылы Абай атындағы Опера және балет театрында 60 жылдық мерейтойыңызға арналған «Бар байлығым – достарым» атты фестивальді көрген едім. Әдетте біз «достықта шекара жоқ» деп жатамыз. Осы сөз дәл сізге арналғандай. Себебі мерейтойыңызға дүниежүзінің түкпір-түкпірінен жиналған достарыңыздың риясыз құрметіне куә болдық. Оны сол фестиваль өткен Опера және балет театрында ине шаншар орынның болмауы да дәлелдегендей.

– Еске салғаныңызға рақмет! 60 жасқа келгенде екі жағында екі ұстазың тұрғаннан асқан бақыт жоқ екен. Сахна төрінде өзімнің ұстаздарым Еркегали Рахмадиев пен марқұм Фуат Мансұровты қолтықтап тұрғанымды айтамын. Ол фестиваль тек менің мерейтойыма ғана емес, жалпы, қазақ өнеріне көрсетілген үлкен құрмет болды ғой деп ойлаймын.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Төреғали ТӘШЕНОВ